



2022 жылдың қорытындылары және 2023 жылға болжамдар

Экономиканың Озық индикаторы

Экономиканы дамытудың 2023 жылғы тәуекелдері мен келешектері

ҚЭИ өсу серпіні өткен жылдың желтоқсанында да жалғасын тапты. Еске саламыз, ол 2022 жылдың сәуірінен қазан айына дейін ұзақ уақыт құлдыраған болатын. Жыл соңында өсу қарқынының үдей түсуіне құрылыс саласының жаңа серпінмен өсуі, жыл бойына байланыс саласы мен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы және сауда саласының қайта қалпына келе бастағаны себеп болды.

Қорытынды бойынша 2022 жылы экономика 3.1%-ға өсті. Бұл біздің болжамнан жоғары.

Биылғы жылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер етіп, стагфляциялық үдерістерді тудыруы мүмкін негізгі қауіп-қатерлер мыналар:

- жаңа санкциялар енгізіліп, геосаяси ахуалдың нашарлап кетуі. Соның салдарынан тауар жеткізу жолында қиындықтар туындауы мүмкін;
- мұнай бағасының құбылмалылығы;
- ішкі және сыртқы инфляциялық қысымдар;
- халықтың «инфляция үдей түседі» деген күдігі күшейе түседі;
- әлемдік орталық банктердің ұзақ уақыт бойы монетарлық шараларды қатаңдатуы.

Осы жағдайда Үкімет өндіріс көлемі мен инвестицияның өсімін ынталандыру, өндіріске жаңа инновацияларды енгізу, сондай-ақ жұмыспен қамтуды арттыру бойынша алдағы жылға жоспарлар әзірледі.

Осылайша біздің болжам бойынша 2023 жылы экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күштері мыналар болады:


- мемлекеттік бағдарламалар арқылы ұзақ мерзімді фискалдық ынталандырулар;
- негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның өсуі;
- КҚК жұмысының толығымен қалпына келуі және Теңіз кен орнында ірі «Болашақта кеңейту жобасы – Сағалық қысымды басқару жобасының» (БКЖ-СҚБЖ) аяқталуына байланысты мұнай өндірудің өсуі есебінен тау-кен өндіру өнеркәсібін дамытуды қайта жандандыру;
- құрылыс және сауда салаларын дамыту.

2022 жылы өңделген тауарларды экспорттау көлемінің артуы да ел экономикасының дамуына ықпал етті.

Бұл ретте экспорттық табыстардың рекордтық өсімі де биыл оң әсер ететін болады.

Соның нәтижесінде биыл біздің болжам бойынша ел экономикасының өсімі **3.5%-4.0% деңгейінде қалыптасады.**

ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҮСБ, Jusan Analytics есептеулері

Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ) рөлін атқарады. ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қоймалау.

2022 жылдың қорытындылары бойынша ҚЭИ өсімі 3.5%-ды құрады. Желтоқсанда ҚЭИ өсу қарқыны +5.1%-ы болды. Бұл жақсы, қалпына келуші серпін.

2022 жылы экономиканың өсуіне негізгі үлес қосқан салалар – ауыл шаруашылығы, құрылыс және байланыс. Осы ретте дамуға ең кері әсер еткен сала – өнеркәсіп болды. Осылайша жыл соңына қарай қызмет көрсету саласы мен тауар өндіру секторының аздап қалпына келгендігі байқалды.

Ауыл шаруашылығы саласы 9.1%-ға өсті. Бұл рекорд. Бұған соңғы он жылда астық түсімінің ең жоғары болғаны арқасында қол жеткізілді. Бұл әрине, жиын-терім жұмыстарын мемлекет тарапынан қаржыландыру және лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникаларына қолжетімділіктің өсуі аясында орын алды.

Құрылыс саласы өзіндік құнның қымбаттағанына қарамастан, жыл соңына қарай айтарлықтай өсті. Нәтиже + 9.4%. 2022 жылы тұрғын үй құрылысы 13.7%-ға, тұрғын үй емес құрылыс 21.7%-ға және құрылысжайлар 9.7%-ға өсті. Біздің есебіміз бойынша мұндай өсімдерге ірі құрылыс жобалары, жөндеу жұмыстарының аяқталуы және ұзаққа созылған фискалды ынталандырулар арқасында қол жеткізілді.

Өткен жылы өнеркәсіп экономиканың бас ауруына айналды. Ірі кен орындарындағы жөндеу жұмыстары, Каспий құбыр желісі консорциумы жұмысындағы көптеген іркілістер және Ресейге қара металл жеткізу көлемінің азаюы салдарынан тау-кен өндірісі саласы сәуірден бастап, жыл соңына қарай 1%-ға төмендеді.

Бір жыл ішінде мұнай өндіру 1.9%-ға, газ өндіру 1%-ға, темір кенін өндіру 20.6%-ға және басқа да пайдалы қазбаларды өндіру 7.6%-ға төмендеп кетті. Өңдеуші өнеркәсіптің даму серпіні бәсеңдеп, жыл соңына қарай 3.4%-ға дейін төмендеді.

Өндірістің мына түрлерінде жұмыс қарқыны суына бастады: темекі бұйымдары өндірісі 11 ай ішінде с 9.8%-дан 7.9%-ға дейін, тоқыма бұйымдары өндірісі 8.1%-ден 5.3%-ға дейін, металлургия өндірісі 3.9%-ден 1.9%-ға дейін бәсеңдеді. 2021 жылмен салыстырғанда жиһаз өндірісі -10.7%-ға, фармацевтика өнімдері -10.3%-ға және сүт өнімдері -7.1%-ға төмендеп кетті.

Қызмет көрсету саласы бойынша телекоммуникация және байланыс нарығында жақсы өсім байқалды (+8.0%). Мұны телефон байланысы қызметі бәсеңдесе де, интернет қызметінің тез дамып жатқанымен түсіндіруге болады. **Көлік және қоймалау саласы соңғы айлары** жүк тасымалдаудың төмендеуіне және жүк айналымы өсімі қарқынының бәсеңдеуіне байланысты 2.8% және 1.0% деңгейінде сақталды.

Сауда саласында өсім байқалды. Ол жазғы-күзгі кезеңнен кейін, жыл қорытындысы бойынша **5.0%-ға өсті.** Бөлшек сауданың өсу қарқыны 2.1%-ды, ал көтерме сауданың өсу қарқыны 6.3%-ды құрады. Өткен жылы экономикада инфляциялық қысым жоғары болды. Сол себептен салалар арасында трендтер өзгерді. Оларда азық-түлік тауарлары нарығы көтерме сегментке қайта бағдарланып қана қоймай, оларға деген сұраныс азайды. Осы ретте бөліп төлеу бағдарламаларының көбеюі және бөлшек саудалық кредит берудің артуы азық-түлікке жатпайтын тауарларға деген сұранысты арттырды.

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022
Қаңтар	2.9	4.4	-5.8	3.0
Қаңтар-ақпан	3.6	4.9	-4.0	5.5
Қаңтар-наурыз	4.2	4.3	-1.8	6.5
Қаңтар-сәуір	4.1	1.2	1.2	6.0
Қаңтар-мамыр	3.7	-0.5	2.0	5.9
Қаңтар-маусым	4.3	-1.0	2.9	4.5
Қаңтар-шілде	4.4	-2.7	3.7	4.0
Қаңтар-тамыз	4.8	-2.9	3.9	3.7
Қаңтар- қыркүйек	4.7	-2.5	4.1	3.5
Қаңтар- қазан	4.7	-2.8	3.9	3.1
Қаңтар- қараша	4.7	-2.6	4.1	3.2
Қаңтар- желтоқсан	5.0	-2.4	4.5	3.5

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

2022 қорытындылары: Өңірлік даму

Экономикасы дамып жатқан қалалар мен облыстар:

Шымкент (+10.7%) пен **Астана** (+9.0%) қалалары, сондай-ақ **Ақмола** (+15.3%) және **Солтүстік Қазақстан облыстары** (+7.7%).

Шымкент қаласы мен Ақмола облысындағы өсімді құрылыс секторы қамтамасыз еткен болса, Астанада байланыс, көлік және қоймалау секторы, ал СҚО-да ауыл шаруашылығы секторы басты дамушы күшке айналды.

Екі облыста экономика **төмендеуде**: **Ақтөбе** (-0.3%) және **БҚО** (-0.7%). Мұнда экономикалық құлдырау сауда (Ақтөбе облысы) мен газ конденсатын өндірудің (БҚО) төмендеуі салдарынан орын алды

Экономиканың бәсеңдеуі тек **Ақтөбе** облысында ғана байқалды -0.5%. Мұнда экономиканың құлдырауы көтерме және бөлшек сауданың 18.9%-ға төмендегені салдарынан орын алды.

Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарастыратын болсақ, ауыл шаруашылығы барлығынан бұрын Қостанай облысында дамуда (+47.2%).


Құрылыс саласының өсіп жатқандығы әсіресе Шымкент қаласы мен Ақмола облысында байқалды.

Ал Ақмола облысында алтыны бар кендер мен концентраттар өндірудің артуы есебінен өнеркәсіп секторы да өсті.

Астанада Байланыс, көлік және қоймалау салалары бойынша ең жоғары өсім Астанада тіркелді. Бұл ретте сауданың ең жоғары өсімін Жетісу облысынан байқаймыз.

2022 жылы өңірлер бойынша ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+3.5%** (+4.5%)*



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

*жақшада 2021 жылдың 12 айы ішіндегі деректер көрсетілген

Алматы **+6.7%** (+8.6%)


Астана **+9.0%** (+8.4%)

Шымкент **+10.7%** (+7.8%)


ҚЭИ және экономиканың басты салалары облыстар тұрғысында

Абай облысы ҚЭИ: 4.9% Ауыл шаруашылығы: -1.5% Өнеркәсіп: 9.7% Құрылыс: 8.8% Ішкі сауда: -12.4% Көлік және қоймалау: 0.6% Байланыс: 10.9%	Ақмола облысы ҚЭИ: 15.3% Ауыл шаруашылығы: 21.3% Өнеркәсіп: 10.6% Құрылыс: 31.7% Ішкі сауда: 3.4% Көлік және қоймалау: 2.1% Байланыс: 1.0%	Ақтөбе облысы ҚЭИ: -0.5% Ауыл шаруашылығы: 6.6% Өнеркәсіп: 1.5% Құрылыс: 7.7% Ішкі сауда: -18.9% Көлік және қоймалау: 3.0% Байланыс: 5.7%
Алматы облысы ҚЭИ: 7.6% Ауыл шаруашылығы: 0.1% Өнеркәсіп: 8.9% Құрылыс: 28.4% Ішкі сауда: 8.4% Көлік және қоймалау: 0.6% Байланыс: -2.1%	Атырау облысы ҚЭИ: 0.4% Ауыл шаруашылығы: 0.8% Өнеркәсіп: -2.3% Құрылыс: 8.3% Ішкі сауда: 1.2% Көлік және қоймалау: 2.8% Байланыс: 6.2%	Батыс Қазақстан облысы ҚЭИ: 0.5% Ауыл шаруашылығы: 8.3% Өнеркәсіп: -1.3% Құрылыс: 2.2% Ішкі сауда: 2.4% Көлік және қоймалау: 0.6% Байланыс: 4.3%
Жамбыл облысы ҚЭИ: 5.5% Ауыл шаруашылығы: 7.5% Өнеркәсіп: 10.2% Құрылыс: 1.0% Ішкі сауда: 2.0% Көлік және қоймалау: 0.5% Байланыс: 2.7%	Жетісу облысы ҚЭИ: 4.1% Ауыл шаруашылығы: 2.4% Өнеркәсіп: 1.3% Құрылыс: 4.3% Ішкі сауда: 30.4% Көлік және қоймалау: 0.0% Байланыс: 8.9%	Қарағанды облысы ҚЭИ: 0.2% Ауыл шаруашылығы: 1.8% Өнеркәсіп: -0.7% Құрылыс: -5.6% Ішкі сауда: 8.9% Көлік және қоймалау: 0.7% Байланыс: -2.0%
Қостанай облысы ҚЭИ: 4.4% Ауыл шаруашылығы: 47.2% Өнеркәсіп: -5.5% Құрылыс: 3.4% Ішкі сауда: 4.3% Көлік және қоймалау: 1.6% Байланыс: -4.2%	Қызылорда облысы ҚЭИ: 1.1% Ауыл шаруашылығы: 1.8% Өнеркәсіп: -1.8% Құрылыс: 16.6% Ішкі сауда: 2.3% Көлік және қоймалау: -1.1% Байланыс: 1.1%	Маңғыстау облысы ҚЭИ: 1.9% Ауыл шаруашылығы: 10.7% Өнеркәсіп: 1.9% Құрылыс: -21.3% Ішкі сауда: 23.1% Көлік және қоймалау: 12.3% Байланыс: 11.1%
Павлодар облысы ҚЭИ: 0.4% Ауыл шаруашылығы: 0.8% Өнеркәсіп: -0.5% Құрылыс: 7.6% Ішкі сауда: 1.6% Көлік және қоймалау: 1.0% Байланыс: 1.6%	Солтүстік Қазақстан облысы ҚЭИ: 7.7% Ауыл шаруашылығы: 12.2% Өнеркәсіп: 4.0% Құрылыс: 10.8% Ішкі сауда: 1.0% Көлік және қоймалау: 1.0% Байланыс: -3.1%	Түркістан облысы ҚЭИ: 0.1% Ауыл шаруашылығы: 0.7% Өнеркәсіп: -6.3% Құрылыс: 4.6% Ішкі сауда: 9.8% Көлік және қоймалау: 5.0% Байланыс: 10.2%
Ұлытау облысы ҚЭИ: 2.4% Ауыл шаруашылығы: -0.7% Өнеркәсіп: 2.7% Құрылыс: 9.5% Ішкі сауда: -12.9% Көлік және қоймалау: 0.1% Байланыс: 2.4%	Шығыс Қазақстан облысы ҚЭИ: 3.4% Ауыл шаруашылығы: 3.0% Өнеркәсіп: 1.7% Құрылыс: 11.3% Ішкі сауда: 10.4% Көлік және қоймалау: 2.2% Байланыс: -4.6%	Астана қаласы ҚЭИ: 9.0% Ауыл шаруашылығы: -0.4% Өнеркәсіп: 1.8% Құрылыс: 7.4% Ішкі сауда: 10.7% Көлік және қоймалау: 17.8% Байланыс: 18.7%
Алматы қаласы ҚЭИ: 6.7% Ауыл шаруашылығы: -19.0% Өнеркәсіп: 9.6% Құрылыс: 6.3% Ішкі сауда: 6.2% Көлік және қоймалау: 4.7% Байланыс: 7.1%	Шымкент қаласы ҚЭИ: 10.7% Ауыл шаруашылығы: -9.5% Өнеркәсіп: 5.9% Құрылыс: 35.5% Ішкі сауда: 13.3% Көлік және қоймалау: 9.5% Байланыс: 5.9%	

ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні





Автор: Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz